№11 (10104)
11 ақпан,
сейсенбі
2025 жыл

Жалағаш жаршысы

«zhalagash-zharshysy.kz» ақпараттық агенттігі

Аудандық қоғамдық-саяси газет

Газет 1934 жылдың 10 қаңтарынан бастап шығады

Аймақ жаңалықтары

Су шаруашылығының жағдайы пысықталды

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев су шаруашылығының жағдайын және су тасқынының алдын алу жұмыстарын тексерді. Мемлекет басшысының Жолдауында ирригация жүйелері, жалпы су шаруашылығы мәселесімен мұқият айналысу, көктемгі қарғын суды жинап, оны диқандардың қажетіне жарату мақсатында гидрология бекеттерін жөндеп, жаңғырту тапсырылғаны белгілі. Бұл бағытта облыста бірқатар жұмыс атқарылған.

Атап айтқанда, Үкімет қаулысымен бекітілген «Қазақстан Республикасының су саласын дамытудың 2024-2028 жылдарға арналған кешенді жоспарына» Қызылорда облысын суармалы сумен қамтамасыз етуге бағытталған 112 жоба енгізілді. Олар аймақтың әлеуметтік-экономикалық жағдайының жақсаруына оң әсерін тигізеді.

Кешенді жоспарға енгізілген жобалар ішіндегі «Қараөзек» су қоймасын салуды Ислам Даму банкі есебінен қаржыландыру үшін Су ресурстары және ирригация министрлігімен бірлескен жұмыс жүргізілуде. Бұл 31 мың гектар суармалы, 120 мың гектар шабындық пен жайылымдық жерді және вегетациялық кезеңде Арал теңізін суландыруға мүмкіндік береді.

«Келінтөбе» магистралды арнасына су беретін арна» жобасын жүзеге асыруға 2024 жылға республикалық және облыстық бюджеттен қаржы бөлініп, 6,1 шақырым айналма арна қазылды. Сағасына гидротехникалық құрылыс салу қажеттілігі туындауына байланысты жоба-сметалық құжаты әзірленіп, мемлекеттік сараптамадан өткізу үшін өтінім ұсынылды. Жоба іске асқанда Жаңақорған ауданының 30 мың гектар егістік жерін вегетациялық кезеңде суландыруға мүмкіндік береді.

Су үнемдейтін технологияны енгізуді 2028 жылға дейін 24,2 мың гектарға жеткізу (2024 ж. - 4,4 мың гектар, 2025 ж. - 9,2 мың гектар, 2026 ж. -14,2 мың гектар, 2027 ж. - 19,2 мың гектар, 2028 ж. - 24,2 мың гектар) көзделген. Өткен жылы су үнемдеу технологияларын пайдалану көлемі 4,4 мың гектарға жеткізіліп, 2023 жылмен салыстырғанда 3,5 мың гектарға артты.

Күріш шаруашылығында су үнемдеудің бірден-бір жолы – егістікті лазерлік тегістеу. Былтыр күріш егістігінің 55 мың гектарына лазерлік тегістеу жүргізілсе, алдағы 5 жылда 72 мың гектарға жеткізу жоспарлануда.

Сонымен қатар өткен жылы «Арна» мекемесінің теңгеріміндегі 107 су нысанына, 1 қорғаныс бөгеті және 69 арна бойындағы гидротехникалық құрылыстарға ағымдағы ұстап тұру жұмыстары жүргізілді. Биыл 5 арнаны тазалау жоспарланған.

«Көлтоған» су қоймасының апаттық жағдайының уақытша алдын алу және «Ақүйік» ауылдық округі тұрғындарын аяқсумен қамтамасыз ету үшін «Арна» мекемесі арқылы су беретін арнаны тазалау, бөгетін көтеру, су тоспаларын жөндеу, қойманың бөгетін уақытша қалпына келтіру жұмыстары атқарылды.

Аймақ басшысы су үнемдеу технологияларын кеңінен қолдану, су тасқынының алдын алу мәселесі күн тәртібінен түспеуі керектігін ескертті.

Ерлан СОЗАҚБАЕВ

Ел жаңалықтары

Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің баспасөз хатшысы-ресми өкілі Мадияр Уақбаев балалы аналарға қандай жәрдемақы төленетінін түсіндірді. Сөзінше, ҚР Әлеуметтік кодексіне сәйкес бала туған, асырап алған немесе нәрестеге қорғаншылық рәсімдеген кезде төрт түрлі төлем беріледі. Олар – екі мемлекеттік жәрдемақы және екі әлеуметтік төлем.

Аналарға қандай жәрдемақы төленеді?

Бірінші кезекте бала туғанда біржолғы жәрдемақы төленеді. Оның мөлшері бірінші, екінші және үшінші балаға 38 АЕК (149 416 теңге), төртінші және одан көп балаға 63 АЕК (247 716 теңге).

Жұмыс істемейтін аналарға бала 1,5 жасқа толғанға дейін оның күтімі бойынша ай сайын жәрдемақы беріледі. Жәрдемақы балалар санына байланысты сараланады және оның мөлшері 5,76 АЕК-ден (22 648,32 теңге) 8,9 АЕК-ге (34 994,8 теңге) дейін болады.

Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына жұмыс берушілер аударым жасаған жұмыс істейтін әйелдер жүктілігіне және босануына, жаңа туған баланы асырап алуына байланысты табысынан айырылған жағдайда төлем талап ете алады. Оның мөлшері соған құқығы бар әйелдің соңғы 12 айдағы орташа айлық табысына байланысты болмақ.

Міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысушыларға бала 1,5 жасқа толғанға дейін оның күтіміне байланысты табысынан айырылу жағдайы бойынша соңғы 2 жылдағы орташа айлық табысының 40 пайызы мөлшерінде әлеуметтік төлем де беріледі.

Бір жылда 304 млрд теңге айыппұл төлеген

Соңғы бес жылда Қазақстанда тіркелген әкімшілік құқық бұзушылықтар саны 2,5 есеге өскен. Былтыр мұндай құқық бұзушылықтар саны 15,1 млн-нан асса, 2019 жылы тек 6,1 млн теңге болған.

Әрбір осындай оқиға үшін құқық бұзушыларға әртүрлі әкімшілік жазалар қолданылды. 2024 жылға 14,7 млн болды. Оның ішінде айыппұлдар 84, ескерту 12, әкімшілік қамауға алу 0,6, шетелдік құқық бұзушыларды елден шығару істері 0,2 пайыз және басқа да жаза түрлері қолданылды.

Әкімшілік жазалардың көбеюі құқық бұзушылықтардың санына тікелей байланысты. 12 айда тәртіп бұзушыларға салынған ақшалай айыппұлдың жалпы құны 304,3 млрд теңгені құраған. 2023 жылмен салыстырғанда 63,9 пайызға артық. 2019 жылғы көрсеткіштермен салыстырғанда (71,9 млрд теңге) 4,2 есе өскен.

Сонымен қатар салынған айыппұл көлемі де соңғы жылдардағы рекордтық көрсеткіш болды. Ең жоғары айыппұл 2024 жылы 190,5 млрд теңгеге жақындады (өткен жылмен салыстырғанда 30,5 пайызға көп).

2024 жылға салынған әкімшілік айыппұл көлемі бойынша Алматы қаласы мен Маңғыстау облысы көш бастады: 60,1 млрд және 40,5 млрд теңге. Алматылықтардың көбі жол ережесіне қатысты айыппұл төлеген. Мысалы, 60,1 млрд теңгенің 40,1 млрд теңгесі көлік және жолдағы бұзушылықтар үшін төленді.

Маңғыстау облысындағы ірі көлемдегі айыппұлдар экологияға қатысты. Жалпы соманың 76,2 пайызы немесе 30,9 млрд теңгесі кәсіпорынның қалдықтардың шегінен асып кетуіне байланысты.

Былтыр әкімшілік айыппұлдардың 91 пайызы жол қозғалысы ережелерін бұзғаны үшін салынған. Айыппұл салуға әкеп соққан 12,7 миллион әкімшілік істің 11,6 миллионы осы санатқа жатады. Көбіне жылдамдықты арттыру (5,9 миллион) және жол белгілері немесе таңбалау талаптарын сақтамау (2,9 миллион) болды.

Салыққа қатысты әкімшілік құқық бұзушылықтар 35 млрд, қоғамдық тәртіп пен имандылыққа нұқсан келтіретін құқық бұзушылықтар 10 млрд, сауда және қаржы саласындағы құқықбұзушылықтар 8,4 млрд теңге болды.

Ерлан АНУАРҰЛЫ

Бағдарлама игілігі

Гүлнұр Төреханованың кәсіпкерлік саласына қадам басқанына көп болмаған. Аз ғана уақытта тұрақты тұтынушылар жиып үлгерген оның ісінен ептілік, қызметіне адалдықты аңғару қиын емес. Екеуара диалог барысында оның ойынан, мақсатынан адалдықты, еңбексүйгіштікті ұқтық. Қысқасы, оның өмірінде жалқаулыққа жол жоқ. Бойына жиған осындай жақсы қасиеттерінің арқасында ол бүгінде ауылда кәсібін дөңгелентіп отыр.

Кенжетай Қайрақбаев

Мақпалкөлдік келіншектің кәсіпке келуі де өз алдына бөлек әңгіме. Ауыл мен аудан орталығын жалғайтын қоғамдық көлікте отырып «жұрт сырттан ауылға қандай өнімдер әкеледі?» деген сауалдың түйінін тарқатады. Соның ішінен өзі өндіре алатын өнімдерді халыққа арзан бағада ұсынуды көздейді.

Бұрыннан аспаз ісіне машық кейіпкеріміз бастапқыда қарапайым тоқ пешпен құс етінен қақтама дайындауды қолға алады. Иә, ол кәсіпке келе сала тұтынушы іздеген жоқ, керісінше әлі күнге дейін оның дәмді тағамдарын тұтынушылары таласып алуда.

Не керек, кәсіпкер келіншектің құс етінен дайындаған өнімдері аз уақытта ауыл халқының көңілінен шығады. Ақыр соңында жалғыз пешпен ауылдағы ағайынның сұранысын орындау қиынға соғады. Мұндайда қазақ «көрпеңе қарай көсіл» дейді. Гүлнұр де тапсырыс санына шектеу енгізеді.

Оның дәмді өнімдері көршілес ауылдарға да жетті. Мәдениет, Жаңаталап, Аққыр ауылдарынан сұраныстың көптеп түсуі Гүлнұрдың кәсіпке деген қызығушылығын еселеді. Алайда айта беретін қаражат мәселесі қолбайлау болып отыр. Не керек, жергілікті әкімдіктің сүйемелдеуімен қайтарымсыз грантқа құжат тапсырады. Тиісті қаражатқа асханасын жарақтап, жергілікті жұртқа өз өнімдерін ұсынбақ.

«Құдай да қимылдағанға береді» деген, абырой болғанда көпбалалы ананың бұл жобасын комиссия мүшелері бірауыздан қолдапты. Нәтижесінде кейіпкеріміз 1 млн 476 мың теңге қайтарымсыз грантқа ие болды. Гүлнұр бұл қаржыны шашпай-төкпей кәсібіне құйды. Мақпалкөлге сапарымызда көпбалалы ананың кәсіпорнына табан тіреп, қазіргі тынысымен таныстық.

Үйдің аядай ғана бір бөлмесі шағын цехқа айналғандай. «Мұнда не дайындамады?» десеңші! Құс етінен қақтама, пицца, донер, бургер, чикен бәрі бар. Тіпті тез дайындалатын жартылай фабрикат өнімдері де жетіп артылады. Кейіпкеріміздің нақты мақсатпен салаға қадам басқаны, кейін түбегейлі іске кіріскені көрініп-ақ тұр. Мемлекеттік қолдаудың арқасында ол бүгінде тек туған жерін ғана емес, 4 бірдей ауылды өз өнімімен қамтамасыз етіп отыр.

Екеуара диалогты сырттан естілген өзі қатарлы келіншектің дауысы бұзды. «Кезекті тапсырыс еді, беріп келейін» деді. «Аузын бақсақ, ауылда өзінен артық аспаз аз. Шынында солай ма?» деген сауалдың түйінін тарқату үшін ізінен еріп, келген кісінің пікірін білуді жөн көрдік.

Айнұр Нұрылдаеваның жолдасы шаруашылық төрағасы екен. Сөзінше, үйінен қонақ арылмайды. Қонақжай келіншек үйіне аяқасты адам келе қалса, Гүлнұрдың шағын цехына асығады екен. Бұл жолы ол қайнаған суға 45 минут қойса пісе қалатын манты сатып алды. Кәсіпорынның тұрақты тұтынушысы мұндағы өнімдерге өзінің де, қонақтарының да разы екенін жасырмады.

– Қазақ қонақжай халық қой, оның үстіне ауылдың тұрғынымыз, ауылда тұрып қонаққа сараң болуға тағы болмайды. Кейде үйге аяқасты адамдар келіп қалады, осындайда Гүлнұр менің құтқарушым ғой, жартылай дайындалған өнімдерді суға қайнатып, дәмді аспен дастарқанды жайнатып қоямын. Жалпы мен ғана емес, бүкіл ауылдың сұранысына ие өнімдер осында дайындалуда. Шындығында кәсіпке келген адамның ісінің жүргені өзіне жақсы ғой, бірақ шыны керек, Гүлнұр кәсіптің осы түрін қолға алғанда ауыл болып біз қуандық, – дейді ауыл тұрғыны.

Жалғасы 2-ші бетте

Кәсіпкер келіншек

Қараңызшы, ауылда қандай береке бар! Бір-бірін демеп, бір-бірінің жақсы жаңалығына, бастамасына бірге қуанады. Жергілікті тұрғынның бірауыз жылы сөзі кәсіпкер келіншекке үлкен шабыт қой! Қос келіншек бір-біріне алғысын жаудырып қоштасқан соң ішке кіріп, сұқбатымызды әрі жалғадық.

Иә, ол «нәзікжандымын» деп үй шаруасымен шектеліп жатқан жоқ, шағын асханада төрт бірдей ауыл халқын өз өнімімен қамтамасыз етіп отыр. Кәсіпкер келіншектің басқа да мақсаттары бар, бірақ оған тағы да қаражат қолбайлау көрінеді.

– Мен ауылдың шетінде тұрамын, көбісі «үйің қашық» дейді. Қашығына қашық, мақсатым ауылдың орталығынан асхана ашсам деймін. Бірақ оған тағы да қаражат керек. Кешегі қайтарымсыз грантқа қажетті құрал-жабдықтар алдым, енді түскен табысты соған салайын десем айналымға тағы да ақша керек. Пайыздық үстемақысы төмен несие алсам, арманымды жүзеге асырар едім. Ол кезде табыстың еселенетініне сенім мол. Өйткені шағын орталық ашып, сол жерден де тамақтанып кететін тұтынушыларға орын берер едім, – дейді Гүлнұр Бақытбекқызы.

Төрт баланың анасы жаз мезгілінде ұл-қыздары да қолғабыс болатынын айтады. Тіпті тұтынушыларға өнімін жеткізуді балалары өз мойнына алған. Осылайша ол өзі адал еңбек етіп, балаларын да еңбексүйгіштікке баулып отыр.

– Жаздай ағамның баласы осы цехта жұмыс жасады. Оны да айлықпен қамтамасыз еттім. Енді бәріне өзім үлгере бермеймін. Кейде балаларым да қолғабыс етеді. Шикізатты облыс орталығындағы көтерме сауда дүкенінен аламын. Шүкір ғой, тапсырыс мол, жаз мезгілінде әсіресе бургерге тапсырыс мол болады. Бір күнде 40-50 тапсырыс орындаған күндер болды. Тіпті кейде бір адамның өзі 50-60 тапсырысқа дейін береді. Көрші ауылдардан кейде өздері келіп алып кетеді. Кей күндері автобустан, таксиден салып жіберемін. Шүкір осыған дейін тұтынушыларымнан тек алғыс алып жатырмын, – дейді кәсіпорын иесі.

Ауылдағы той-томалақ, құдайы астарда да Гүлнұрға тыным жоқ. Дастарқанға қоятын біраз дәмді асқа да сұраныс мол екен. Бастысы, соның барлығына ол уақыт тауып, жұмысын жүйелеген. Алдағы уақытта қаржылай қолдау тауып, ауылдан арнайы орталық ашса, ойдағы біраз мәселенің түйіні тарқатылатындай.

БАСЫ 1-БЕТТЕ

Аудан әкімінің орынбасары Ғани Сүлейменовтің төрағалығымен әлеуметтік салаға қатысты бірқатар мәселе қаралды. Жиынға кент және ауылдық округ әкімдері, мекеме, бөлім басшылары қатысты.

Әлеуметтің әлеуетін арттыру бәрінен маңызды

Басқосуда отбасының цифрлық картасына қатысты «D» және «E» санаттарындағы отбасыларды азайту, аудан бойынша міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінің іске асырылуы, «NEET» санатындағы жастармен жұмыс мәселелері айтылды.

Ғани Кенжеғарұлы тиісті сала басшылары мен кент, ауылдық округ әкімдеріне сақтандырылмаған тұрғындар үлесін азайту, әрбір азаматтың МӘМС жүйесіне қамтылуы керек екенін жеткізіп, күн тәртібіндегі мәселелер төңірегінде бірқатар тапсырма берді. Сондай-ақ ол тиісті тапсырмалардың орындалу барысы бақылауда болатынын қаперге салды.

Ұлттық өнер ұлықталды

Ұлттық қолөнерімізді жаңғыртып, ұрпақтан-ұрпаққа мұра етіп қалдыру мақсатында «Руханият» орталығында Ақсу ауылдық округінің аналары «Құрақ көрпе» шеберлік сағатын өткізді. Қолөнер шебері Ә.Есниязова құрақ көрпені пішу және құрау жолдарын үйретті.

Құрақ көрпе – тек үйдің сәні ғана емес, сондай-ақ ұлттық мәдениетіміздің айшықты бір бөлігі, берекесі мол кәсіп. Бұл өнердің астарында халқымыздың «адамның басы құралсын» деген ізгі тілегі жатыр. Шеберлік сағатында жастар құрақ құраудың түрлі әдістерін үйреніп, оны өз қолдарымен жасап көруге мүмкіндік алды.

Ақсу ауылдық округіндегі аналар кеңесінің төрайымы К.Тоқпанбетова құрақ көрпенің тек қолөнер ғана емес, сонымен бірге шығармашылықты, табандылықты және сабырлықты қажет ететін ерекше өнер екенін жеткізді. Жастар ұлттық өнерге деген қызығушылықтарын көрсетіп, бұл кәсіптің заманауи идеялармен байытылып, жалғаса беретініне сенім білдірді.

Мұндай сабақтар жастардың ұлттық құндылықтарға деген құрметін арттырып, қолөнерге деген қызығушылықты дамытуға үлкен үлес қосады. Ұлттық өнерімізді дәріптеу арқылы жастардың рухани және шығармашылық әлеуетін байыту – басты мақсаттардың бірі.

«ЖЖ» ақпарат

Маман мерейі

Тұрғындардың тәулік бойы денсаулығын күзетуде медбикелердің де қажырлы еңбек етіп жатқанын жақсы білеміз. Антына адал абзал жандар әсіресе жұмыста жауапкершілік пен табандылықты ұдайы назарда ұстауы тиіс. Себебі алдына барған науқастың денсаулығы солардың қолында десек, артық айтқанымыз болмас. Бүгінгі кейіпкеріміз – денсаулық сақтау саласында 13 жыл тәжірибесі бар, білікті маман Назгүл Әлібекова.

Антына адал жан

Кішкентайынан фонендоскоппен жүрегін тыңдап, дәрігерге қажетті ойыншық құрылғылармен ойнап өскен Назгүл қазіргі таңда өзінің бала арманын орындап, науқастарының ақ батасын алып жүрген абзал жанға айналды. Еңбек еткеніне көп болмаса да ауыл тұрғындарынан тек алғыс арқалап жүретін ақхалаттылар қатарынан екенін аңғардық.

– Ес білгелі медициналық кітаптарды қызық көріп қарайтынмын. Терапия, микробиология, медициналық энциклопедия кітаптарын ашып қойып, жазуларын түсінбесем де, суреттері мені осы мамандыққа деген қызығушылығымды оятты. Кейін мектеп қабырғасында жүріп, үлкен өмірге қадам басар шақ таяғанда дәрігер боламын деген шешім қабылдадым. Әрине, бұл ойымды ата-анам да құптап, маған үлкен сенім артты. Бұл мамандықтың иесі болу – екінің бірінің қолынан келе бермейтін іс. Ауырып, алдыңа көмек сұрап келген науқасқа жәрдемдесіп, оның жазылып кеткені әрине, қуаныш сыйлайды. Ол үшін кез келген дәрігердің бойына мамандығына деген адалдық пен табандылық болуы шарт. Ең бастысы, еңбекке қабілетті, қандай жағдай болса да дұрыс шешім қабылдай білетін білікті маман болу керек, – дейді кейіпкеріміз.

Қызылорда қаласындағы медициналық колледжде білім алған жас маман ең алғаш еңбек жолын 2012 жылы жолдамамен Бұқарбай батыр ауылындағы емханаға келіп, балалар медбикесі болып бастаған. 2023 жылдан бастап ол қосымша аға медбике қызметін де қолға алған. Ал былтыр Оренбург қаласындағы университетке жалпы тәжірибелі медбике мамандығы бойынша оқуға түскен. Қазіргі таңда ауылдағы күндізгі стационар бөлімінде қызмет ететін кейіпкеріміз айына 20 науқасқа ем жүргізіп, қажет кезде қарттардың үйіне дейін барып, екпелерін уақытылы салып тұрады.

Ол былтыр ауылда 38 бала дүниеге келгенін, балалар арасында қыс мезгілінде тұмау, жазда іш өту жиі орын алатынын айтты.

– 2023 жылы ауылдағы бүлдіршін ең алдымен тұмаумен ауырып, аудандық ауруханаға түсті. Кейін іші өтіп, Қызылорда қаласындағы ауруханаға түсті. Денсаулығы әлсіреп, денесі ісінгендіктен Қызылордадағы дәрігерлер Алматы қаласына жіберді. Баланың ата-анасымен бірге мен де Алматыға арнайы бардым. Қажетті дәрі-дәрмегімнің барлығын алып, тәуекел етіп, жол бойы Аллаға сыйынып бардым. Жолда қатты ауырып, мазасыздана бастады. Баланың әкесі «Назгүл, сен қаншама науқасқа көмектесіп, дертінен айықтырып жүрсің. Біз сізге сенеміз» деп бойыма үлкен сенім ұялатып, жігерлендірді. Мен де сол сәтте өзөзімді қолыма алып, «қайтсем де осы баланы Алматыға аман-есен жеткіземін» деп бала мазасызданып жылаған сайын қажетті ем-шараны жүргізіп, Алматыға жеткіздім. Жан-сақтау бөліміне де баламен бірге өзім кіріп, оның жағдайын өз көзіммен бақылап тұрдым. Шүкір, қазір баланың жағдайы жақсы, жасы 3-те, – дейді білікті маман.

Кейіпкеріміздің антына адал екені жұмысына жауаптылығынан-ақ көрініп тұр. Ауыл тұрғындарының денсаулығын жақсартуға бағытталған оның әрбір жұмыс күні елдің алғысын алумен аяқталады. 13 жылда қаншама жанның дертіне шипа тауып, қаншама баланың аман-есен жарық дүниені көруіне себепші болған.

Назгүлдің ұзақ жылдар елге еткен еңбегі еш кетпеді, ол осыған дейін бірнеше мәрте марапат төрінен көрінді. Бірақ ол жеткен жетістікке тоқмейілсіген емес. Керісінше дерттің алдын алуға басымдық беріп, уақытпен санасуды білмеді. Халықтың алғысынан шабыт алатын Назгүл антына адал болу үшін адам өмірін бәрінен жоғары қойып, саналы ғұмырын ауылдағы ағайынның денсаулығын жақсартуға арнап келеді.

Ақтоты БҮРКІТБАЙ

Брифинг

Ауданда ахуал тұрақты

Ауданда жыл басынан бері жасөспірімдер арасында 1 жедел вирусты А гепатит, ересектер арасында 1 туберкулез, балалар арасынан 3 дерматомикоз аурулары есепке алынған. Сонымен қатар 669 ЖРВИ жағдайы тіркеліп, оның ішінде 442-сі 14 жасқа толмаған балалар арасынан анықталған. БАҚ өкілдерімен өткен брифингте ауданның бас санитары, аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының басшысы Гүлзираш Айымбетова осылай деді.

Спикердің сөзінше, жедел респираторлық вирустық инфекциясы – елімізде балалар мен ересектердің жұқпалы ауруларының ең көп таралған тобы. Аурудың көзі тұмаумен ауыратын науқас болып табылады. Ол жөтелгенде, түшкіргенде, сөйлескенде сілекей мен шырыштың шашырауымен бірге миллиондаған тұмау қоздырғышын ауаға шығарады. Ауданның бас санитары балалар арасында тұмау мен ЖРВИ-мен ауыру жыл сайын ересектерге қарағанда 45 есе жоғары болатынын айтты.

Дәрігердің бақылауы бойынша балалар ЖРВИ-мен жылына 5 рет, яғни жиі ауырады. Осы ретет спикер тұмауратқанда үйден шықпай, жылы сұйықтық ішуге кеңес берді. Былтыр бұл сырқат түрімен 6564 науқас есепке алынған. Оның ішінде 63,1 пайызы 14 жасқа дейінгі балалар үлесінде.

Мұнан бөлек спикер аудан бойынша туберкулезден тұрақты эпидемиологиялық жағдай қалыптасып, соңғы 10 жылда туберкулезбен сырқаттану 2,3 есеге азайғанын айтты. Былтыр туберкулездің жаңа жағдайымен 14 науқас есепке алынған. Барлық туберкулездің ішінде өкпе туберкулезі 11, соның ішінде бактерия бөлуімен 6 жағдай тіркелген. Сондай-ақ туберкулездің 1 асқынған жағдайы орын алған. Бұл сырқат түрімен мектеп жасындағы балалар мен жасөспірімдер арасында 2 жағдай тіркелген. Сонымен қатар сырқат 3 зейнеткер, 4 жұмыссыз және 5 басқа да контингенттер арасынан орын алған.

Елімізде қызылшаның эпидемиялық жағдайы әлі де тұрақсыз. Мәселен, ауданда былтыр қызылша ауруының 22 жағдайы есепке алынып, 100 мың халыққа шаққандағы аурушаңдық көрсеткіш 60,2 пайызды құраған. Ауруға шалдыққандардың 68,1 пайызы 14 жасқа дейінгі балалардың үлесінде. Олардың басым көпшілігі – қызылшаға қарсы егілмеген және егу статусы белгісіз азаматтар. Былтыр 668 азамат қосымша екпелермен қамтылған. Қазіргі таңда қызылша ауруына қарсы 18 жасқа дейінгі азаматтар арасында ілеспе екпелердің жүргізілуі жалғасуда.

49 адам үй жануарларынан зардап шеккен

Өздеріңізге белгілі эхинококкоз – бауырдың, өкпенің және басқа мүшелердің зақымдалуымен, дененің аллергиясымен және мүгедектікке ғана емес, өлімге де әкелетін өте ауыр асқынулармен сипатталатын созылмалы гельминтоз. Ауданда жыл басынан бері 38 паразиттік ауру тіркелсе, оның 7-еуі – гельминтоз, 30-ы – жұқпалы тері инфекциясы, 1-еуі – ішек протозойлық инвазия. Тіркелген паразиттік аурулардың 78,9 пайызын, яғни 31 жағдайды 14 жасқа дейінгі балалар құрап отыр.

– Эхинококкоз – паразиттік індет. Эхинококк жұмыртқаларын тасымалдаушылар иттер, үй жануарлары, кеміргіштер мен жәндіктер болып табылады. Бүгінде қарапайым санитариялық-гигиеналық қағидаларды сақтамау салдарынан ауруға шалдығу қаупі артуда. Былтыр аудан бойынша аталған сырқат түрін жұқтырған 3 адам тіркелді. Осы індетке шалдыққан науқастар саны жыл сайын артып келеді, ауырған адамдар тек операциялық жолмен емделеді, – дейді Гүлзираш Айымбетова.

Былтыр ауданда әр түрлі жануарлардың тістеуінен, тырнап, сілекейленуінен зардап шегіп, антирабикалық және медициналық көмекке 49 адам жүгінген. Жарақат алғандардың 24-і – 14 жасқа дейінгі бала. Аудан бойынша жануарлардан жарақат алған 49 адамға антирабикалық екпе тағайындалған. Тұрғындардың 5-еуі беттен, 2-еуі алақаннан, 9-ы қол саусақтарынан, ал 1-еуі бірнеше жарақат алған. Қауіпті жарақат алған 17 тұрғынның бірде-біріне антирабикалық вакцинамен бірге антирабикалық иммуноглобулин салынбаған. Жарақат алғандардың 44-і иттен, 3-еуі мысықтан, 1-еуі жылқыдан, 1-еуі мүйізді ірі қарадан зақымданған. Бүгінде құтырма ауруының алдын алу бағытында 3 мың мүйізді ірі қараға, 300 итке, 5 мың уақ малға құтырмаға қарсы екпе егу жұмыстары жүргізілген.

Жедел ішек инфекциясы: 188 жағдай тіркелген

Ауданда былтыр алғашқы диагнозбен 188 жедел ішек инфекциясы тіркелген. Оның ішінде 5 жағдай зертханалық жолмен расталған. Жалпы ЖІИ-мен ауырғандардың 80 пайызын 14 жасқа дейінгі балалар құрайды.

– Балалар арасында, оның ішінде үш жасқа толмаған нәрестелер арасында инфекциялық аурулардың алдын алу, ерте анықтау мақсатында аймақтық медицина қызметкерлері аула аралайды. Жедел ішек инфекциясымен ауырған науқастарды емдеуге клиникалық көрсетілімдерге байланысты аурухананың жұқпалы аурулар бөлімшесіне жатқызылады. Ауруханаының жұқпалы аурулар бөлімшесі 30 науқасқа арналған төсегі бар, індеттік маусымда ЖІИ өршуі кезінде 10 төсек орны қосымша қаралған, – деді спикер.

Былтыр бірқатар вакцинамен басқарылатын жұқпалы аурулар бойынша, оның ішінде қызылша, вирусты гепатит А ауру деңгейі күрт көтеріліп, эпидемиологиялық ахуал тұрақсызданған. Жалпы жедел вирусты гепатит ауруының 3 жағдайы тіркеліп, оның барлығы жедел А вирусты гепатиттердің үлесінде. Инфекциялық ауруды жұқтырғандардың арасында 14 жасқа толмаған 1 бала және 15-17 жас аралығындағы 1 жасөспірім анықталған. Бүгінде вирусты А гепатиттің алдын алу мақсатында 2 жасқа толған балалар арасында профилактикалық екпе шаралары екі мәрте жүргізілуде.

– Мұнан бөлек былтыр ауданда 30 дерматомикоз жағдайы тіркелді. Дерматомикоз ауруымен науқастанғандардың 96,6 пайызы, яғни 29-ы – 14 жасқа дейінгі балалар, соның ішінде жоғары аурушандық көрсеткіш 6 мен 14 жас аралығындағы балалар үлесінде. Нақты атап кетсек, тіркелген барлық жағдайдың 63,5 пайызын осы жастағы балалар құрап отыр, – деді Г.Айымбетова.

Спикер брифинг соңында БАҚ өкілдерінің бірқатар сауалының да түйінін тарқатты. Сондай-ақ ол журналистерді аудан тұрғындарына жұқпалы аурулардың алдын алуда уақытылы вакцина алуға түсіндірме жұмыстарын бірге жүргізуге шақырды.

Ақтоты ЕРЖАНҚЫЗЫ

Еңбек адамы

Алланың әмірімен адам баласының маңдайына жазылған тағдыры болады. «Тағдырым мынандай болсын» деп өз тағдырымызды өзіміз белгілейтін құдірет бізге берілмеген. Бірақ сол тағдыр жазуының жақсы, жаман болмағына әрбір жанның адами қасиеті, ар-ұяты, адамгершілігі мен иманы, мақсат-мұраты әсер ететіні анық.

Тағдырмен текетірес

I

Өмір тек қуаныш, қызықтан ғана тұрмайды, қиындықты да қатар сыйға тартады. Ондайда «маңдайға жазғаны сол болса шарам не?» деп жатамыз дәрменсіз пенде екенімізді сезінген кездерімізде. Десек те қатал тағдыр сынына сынбай, ерекше өмір сүруімен дараланатын, ойландыратын, еңбек қуатымен толғандыратын тұлғалар болады. Тілімізге тиек, ойға түрткі, айтпақ әңгімемізге арқау болып отырған сондай тұлғалардың бірі Алпысбай ағамыз еді.

Алтекең бала кезімнен көзтаныс, кейін аға-дос, құдайы көршім болды. Сондықтан ол кісінің өнегелі өмірің, нағыз адамға тән қасиеттерін молынан танып білдім десем де болады. Аты айтып тұрғандай, ол – әкесінің алпыс жасында көрген жалғыз ұлы, анасы Қантай қырық тоғыз жасында сүйді. Ата-анасының ел таңырқар жаста зарығып көрген баласының ғұмырнамасы да өзгеше.

Иә, асыл азамат, білікті кәсіпкер, тамаша дос, сыйлы ағайын, жақсы әке, сүйікті жар бүгінде түптің-түбі бәріміз баратын жаққа кеткен Алпысбай Ізтілеуұлы өз заманының, анығын айтқанда, қазақтың рухы биік өр тұлғалы ұлы болды. Ол – адам мүмкіндігінің шексіздігін дәлелдей алған, өмірге құштар қайсар жан. Темірдей тегеурінді, тұла бойы буырқанған күш, үнемі қозғалыста жүретін, жаратылысынан көпшіл, қарапайым, үлкенжүректі осы бір азаматтың өмір жолы кім-кімге де үлгі болары сөзсіз.

Асау арманын ат қылып мініп, қиялымен шартарапты шарлап жүрген 14-15 жастағы бозбала Алпысбай тағдыр төлкегіне ерте ұшырады. Құлындай шапқылап жүрген баланың екі аяғы әлсізденіп, жүре алмай құлап қала беретін жағдайға душар болды. Омыртқаның жүйке тамырларынан кінәрат болды ма, дер кезінде емделе алмай, дерті дендеп, екі аяғы семіп, бара-бара қарға адым жер басып жүру арман болып қалды.

Екі аяғын тең басып, достарымен ауылдың шаңын шығарып ойнап жүрген адамға күнітүні сарылып төсек тартып жату қайдан оңай болсын. Дәрменсіз күйі оның болашаққа деген арманын алыстатып, үмітін үзгендей еді. Сөйтіп Қармақшы ауданы Қызылтам ауылында дүниеге келіп, жеті жылдық білім алған Алпысбайға оқуын сырттай бөлімде жалғастыруына тура келді. Көп жылдары аурухана төсегіне таңылумен өтті, емделді, сабағын да оқыды. Ол үшін мүгедектіктің азап пен мұңға толы күн, ай, жылдары жылжып өтіп жатты.

Ташкент қаласының аурухана-сында бір-бірінен айнымай қайталана беретін сұрықсыз күндердің бірінде шарасыз күйі өзегін өртеп, жаны жабырқап, жалғызсырап жатқан Алпысбайға мейірбике келіп: – Аға, сізді төменгі палатада бір кісі шақырып жатыр, – деді.

Балдақтың көмегімен айтылған палатаға барған Алпысбайды қазаққа танымал аралдық ақын Зейнолла Шүкіров жақын танысындай құшағын жайып қарсы алды. Осы кездесуде екеуі ұзақ әңгімелеседі. Сегіз жасында асау тайлақтан құлап, сал ауруына ұшырап арбаға таңылған Зейнолла жерлес ағасы ретінде ақылкеңесін айтып, төзімді, сабырлы болуға шақырады. «Қазақтың Корчагині» атанған тағдырлас ағасымен елге оралғасын да хабарласып тұрды.

– Жігітім, өмір деген – күрес, жасыма, жігерлі бол, қатарыңнан кем қалма, – деген ақын сөздері Алтекеңнің қарайған көңіліне жарық беріп, жүрегіне үміт сәулесін жақты, өмір сүруге деген құштарлығын оятты.

«Жо-жоқ, тағдыр тауқыметіне оп-оңай берілу – өзінді өмірден жоғалтумен бірдей. Тірі адам тіршілігін жасайды, мен тірімін ғой, мен ешкімнен кем емеспін» деген қағиданы жүрегіне мықтап орнықтырып, алдына үлкен мақсаттар қойды. Сенім мен үміттің адамға өмір сүруге, бар қиыншылықты жеңуге көмектесетін қуатын өлшеу мүмкін емес-ау. Оны ағамыздың қарекетіне қарап, сенімнің өте алып күш екеніне көзім жетті. Жігері мықтыны ешқандай қиындық жеңе алмайды екен-ау деген ой түйдім.

II

Менің ол кісімен таныстығым екінші сыныпта оқып жүрген кезден басталды. Сол кезден денсаулығыма байланысты менің де ұзақ уақыт емделуіме тура келді. Жалағаштың, Қызылорданың ауруханаларында екі-үш жылдап Алпысбай ағамен бір палатада жаттым. Еңбекқор, оқымысты, озық ойлы, он саусағынан өнер тамған азаматтың менің де өмір ұстанымыма ықпалы зор болды.

Аурухана мектеп жасындағы балалар емделумен қатар сабақ оқитынбыз. Мұғалім келіп төсек жанында отырып сабақ беріп, үй тапсырмасын тексереді. Одан бос уақытта домбыра, гитара, мандалин, баян сияқты музыкалық аспаптарды тартып үйренеміз. Алпысбай аға осы аспаптардың бәрінің құлағында ойнайтын. Аурухана тұрғындарын жақсы сөзімен, озық ойымен баурап, еңселерін көтеріп, шабыт беретін. Ағамыздың сөзге шешен, ойға терендігі тегінде бар қасиет болса керек.

Алтекең 60-жылдары аурухана төсегінде қарап жатпай қолөнермен, сақина жасау, электр бұйымдарын жөндеумен айналысты. Ауданаралық ауылауылдардан тұрмыстық электр құралдарын тұрындар Алпысбай ағаға жөндету үшін ауруханаға әкеліп береді. Палатада телевизор, транзистор, радиоқабылдағыш, үтік, сағат сияқты сол кезеңнің электр бұйымдары толып тұратын. Шұқыланып, күні бойы еткен еңбегін бұлдап ақы алғанын көрмедік, ол кезде бүгінгідей нарықтық экономика деген жоқ, «ауылдастыкі, туыстыкі» деп қолынан келген жақсылығын міндет қылмай істей беретін. Қайта біреуге қол ұшын бергеннен ләззат алатын. Елдің қажетіне жарап, жақсылық жасау оны толыққанды адам қатарына қосты, өзін тең дәрежеде ұстап, абыройға бөледі. Мүгедектіктің азап-мұңын жеңе білген қайсар ағаның бір күні бос өтпейтін. Аудан жұрты да Алпысбайдың адал қызметіне, шеберлігіне, төзімділігі мен табандылығына дән риза. Ауруханада ермек еткен жұмысты жалғастырып, ауылдың сағат жөндеу шеберханасында, тұрмыстық техника жөндеу комбинатында қаншама жыл жалықпай, табандылықпен еңбек етті.

III

«Сеніммен тәуекел еткен құлын Алла жалғыз қалдырмайды» деген рас екен. Алпысбай ағаның аурухана мен үйде жатып істеген қоңыр тіршілігінің бірте-бірте берекесі артып, өзімен бірге ұзақ жылдар төсек тартқан армандары жүзеге аса бастады.

1974 жылы аурухана кезекті емін алып жатқан ағамыздың өмірінде үлкен өзгеріс болды. Тағдыр оны осында емделуші 17 жастағы корей қызымен жолықтырды. Отызды алқымдаған жігіттің жарымжандығына қарамай үлбіреген жас қыз онымен бас қосуға келіседі. Әрине, әуелде Зинаның жақын ағайын-туысы, ата-анасы қатты қарсы болды. Соған қарамастан айналасына қадірлі, жан-жақты, өнерлі жігітті ұнатқан Зина сөз байламынан айнымай Алпысбайдың босағасын аттайды. Ол кезде әке-шеше жоқ, қамқоршы апасы жалғыз сиырын сойып, той жасайды. Көп ұзамай-ақ іңгәлап тұңғышы дүниеге келді. Әке атанған Алпекең Тәңіріне мың сан тәубәсін айтып, қатарынан қалмай көшке ілескеніне көңілі толып, қуаныштан жүрегі жарылады. Тағдыр аяқты артық көргенімен, басқа жағынан бақытын баянды етіп, несібеге таршылық жасамағанына шүкіршілік етті. Бұл бақыт – сындарлы шақта көрген азапқа толы тауқыметті тағдырына мойымай, өмірден күдер үзіп, күйремеген ерік-жігерінің тәтті жемісі де, жеңісі де еді.

«Кәсіп түбі – нәсіп» деп Алпысбай ағамыз сүйікті ісін кәсіпке айналдырып, онымен өмірінің соңына дейін айналысты. Шағын аудан тұрғындарының кәдесіне жарайтын басқа кәсіп түрін де қолға алды.

Тәуелсіздік алғаннан кейінгі жылдарда қолынан іс келетін жандарға жалпы кәсіпкерлікті дамытуға мемлекет тарапынан да үлкен мүмкіндіктер берілді. Сол мүмкіндікті пайдаланып Алпысбай аға 1997 жылы ауданда алғашқылардың бірі болып жанармай құю бекетін ашты. Ол кезде аудан әкімі Қожахмет Баймаханов еді. Алпысбай ағайдың еңбекқорлығын жақсы білетін Қожекең оның салып жатқан жанармай құю бекетінің құрылысына, кәсібіне кедергі болады ау деген барлық мәселені өз бақылауына алды. Әлі ашылмаған кәсіпті құрылысты тексерушілерге тосқауыл қойылды. Халыққа да, мемлекетке де қызмет етіп, қай кәсібі болсын көзін тауып, дөңгелентіп әкетті.

Ол аудан халқының сұранысына орай достарымен бірігіп отын, көмір тасымалдап, жеткізіп беру жұмысын бір жолға қойды. Әлі газ тартылмаған елді мекендерге ең қажеті қыста жағатын көмір ғой. Көмір маусымдық шаруа болғандықтан онымен айналысу қомақты қаражатты керек етеді, әрі жеткізу де оңай шаруа емес. Соған қарамастан халықтың таңдауына қарай көмірдің «Майкөбе», «Шұбаркөл», «Қаражыра» сияқты түр-түрін жүк вагондарымен Жалағашқа жеткіздірді. Онда көмір тиейтін екі трактор тәулік бойы жұмыс істейді, ал тасымалдау қызметімен жиырма шақты жеке көлік иелері айналысады. Одан кейін сатып алушының үйіне дейін жеткізіп беру қызметі де ұйымдастырылған. Осы шаруашылықтың бәрінде қаншама адам тұрақты жұмыспен қамтылды.

Ең басты қасиет адал еңбекті бойына сіңірген Алпысбай аға өзін, отбасын, қалаберді туған ауылының жағдайын жақсартатын мықты кәсіпкерге айналды. Әуелде жарымжан жандарға арналған мотоколяска мінді. Тынымсыз еңбегінің арқасында заманауи автокөліктерді тізгіндеп, шаруа қожалықтарын аралап, жұмысын жүргізді.

Қайырымдылық іс-шарасы да Алпысбай аға үшін дәстүрге айналған, оның жасаған сауапты істері де жетерлік. Жыл сайын тұрақты түрде 15-20 тұрмысы төмен отбасына қаржылай көмек беруді, аудан орталығындағы «Иманқұл» мешітіне қыстық отын түсіріп тұруды өз міндетіне алған. Жалпы ол кісі ауруханада жатқан кезінен ақшалы болды. Қаражаттанқысылғанжандардың, қарыз сұрап келгендердің қолын қайтармаушы еді. Кең пейілден айнымаған Алтекеңнің дарқан көңілі ешқашан ортайған емес, ниетіне қарай береке дарып, ырыс-несібесі арта түсті.

IV

Кәсіпкерлік те шығармашылық адамы секілді ізденісті қажет етеді. Кейінгі жылдары ауданымызда сәулетті құрылыс нысандары көптеп салынып, құрылыс материалдарына деген сұраныс та артты. Мұнда да Алпысбай аға белсенділік танытып, көмір базасына бөрене, цемент, қыш, қиыршық тастар әкеліп, тұрғындарды қажетті заттармен қамтамасыз етіп отырды. Ол кісінің елге жасаған жақсылығы мен игі істері, қызметі ескерусіз қалмай халқының алғысын алды, ел құрметіне бөленді, аудан әкімдігінен марапаттар мен сый-құрмет көрсетілді. 2004 жылы мүмкіндігі шектеулі азамат, кәсіпкер Алпысбай Ізтілеуов «Өмірге құштарлық» аталымы бойынша жеңімпаз атанды. Облыс әкімдігінің ұйымдастыруымен сол жылы іс-сапармен келген Ел Президентімен жүздесті. Отбасы, бала-шағасының амандығын сұраған ел басшысымен еркін әңгімелесіп, суретке түсті.

– Қандай көмек керек? – деген Президентке мемлекет тарапынан несие беріліп, жеңілдік алып отырғанын айтып, алғысын білдірді. Бұл кездесуді Алтекең өзіне бұйырған үлкен мәртебе деп білді.

– Қазақта аға деген сөздің салмағы туыстық қатынасты білдіріп қана қоймайды, тіршілікте игі істерімен, ақыл-ойымен үлгі болған, сүйсінткен ағаларымызға деген құрмет, сыйластықпен өлшенеді. Сондай нар тұлғалы, үлгі ететін Алпысбай ағамыз бізден ақыл-кеңесін аяған емес. Өте сауатты, заңды жетік білетін. Ол кісінің басшылығымен жыл сайын қыс маусымында ауданға 4-5 мың тонна көмір әкелініп, тұрғындарға жеткізіледі. Сөйтіп аудан бюджетіне қомақты қаржы түсіп тұрды. Әрбір кәсіпкер жұмысын Алтекеңдей істесе, ауданымыздың экономикасы артып, гүлденіп кетер еді – дейді кәсіпкер інісі Самұрат Әбжаппаров.

Әрине, Алпысбай аға жеткен әр жеңіс азаппен, қара термен келді. Елдегі он екі мүшесі сау, тепсе темір үзетін, екі қолға бір күрек таба алмай, бос сандалып жүрген жігіттерді көргенде күйіп кететін.

– Әкем ешкімге қол жайма, өз еңбегіңмен күніңді көр деп айтушы еді. Мүмкін менің осы шыққан биігіме әкемнің осы сөзі себепші болар. Еңбек етемін деген адамға жол ашық қой. Дәл қазіргі уақытта өздері қызығатын кәсіппен айналысып, жаңаша бастамаларды қолға алып, іске асыруға мүмкіндік мол. Жасыратыны жоқ, жастарымызда жалқаулық басым. Бір айлықты қанағат тұтып, жеңіл-желпі жұмыспен уақыт өткізуді қалайды, – дейтін еді еңбектің қара нары.

Өмірге құштар, қайсар жан ең алдымен адам бойындағы тазалықты бағалайтын. Жүрегінде жылылығы мен иманы бар азаматтар ол кісінің жанынан табыла білді, шынайы достықтың үлгісін көрсетіп, талантына бас иді. Ауылдың, ауданның «менмін» деген жігіттері Алпекеңнің үйіне жиі келіп тұратын. Тірліктен қол босаған сәттерінде дос-жарандары мен сыйлас жігіттерді ертіп аңға, балық аулауға шығатын әуесқойлығы өз алдына бөлек әңгіме.

V

Жалпы Алпысбай ақсақал жайында жазылар естеліктер көп. Бүтін бір болмысына барлық жақсы қасиет дарыған кейіпкеріміз адал еңбекте береке барын, еңбексүйгіш адамның ертеңі жарық боларын өнегелі өмірімен дәлелдеп кетті.

Иә, ол бір ғана отбасына, тек өзінің балаларына ғана үлгі болған жоқ, тұтас ауданжұртыныңқажетіне жарап, көпшіліктің алғысын алды. Айдыны кең, асқары биік Жалағаш ауданының беделін арттырып, биігін төмендетпеуде Алпысбай ақсақлдың да өзіндік қолтаңбасы барына ешкім дау айта алмас.

Алпысбай ағаның мені таңғалдырған әрі мен үшін үлгі болған қасиеті – көп оқитындығы. Қай сала болса да айтары бар, орынды пікір айта білетін жан-жақты білімі қасында жүрген жандарды да өз-өзін дамытуға қамшылайтын. Қазақ әдебиеті классиктерінің шығармаларынан бастап шетел классиктерін көп оқыды. Елдегі саяси жағдайлар мен қоғамдық әлеуметтік ахуалды да жіті бақылап, хабардар болып отыратын. Көзі ашық, көкірегі ояу ағамыздың білімдар, байсалды қасиеттері тұлғалық бейнесін өзгелерден ерекшелеп, жүрген ортада сыйлы етті. Тіпті «Голос Америки» мультимедиялық станциясының жаңалықтары мен хабарларын тыңдайтын. Шахмат ойынынан да алдына жан салмайтын. Қазіргі термин сөзбен айтқанда, креативті ойлы ағамыз заманына ілескен, ешкімнен, ешнәрседен аласармас қоғамның толыққанды бір мүшесі болды.

«Жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын» дегендей, талайлы тағдырымен арпалыса жүріп, рух ерлігінің ерен үлгісін көрсеткен Алпысбай аға туралы айта берсек әңгіме көп. Өмірге деген құштарлығы жүздескен үлкен-кіші адамға деген ықылас-ынтасынан есіп тұратын бітім-болмысын, беделін, белсенділігін, рухани әлемін бір мақаламен тізіп, теріп, тереңінен түгендей алмаймыз.

Ол кісі кез келген қиын жағдайда өзін әлсіретпей, жан дүниесін күйретуге жол бермеді. Өзін біреудің мүсіркегеніне, аяғанына төзбейтін. Адами рухының беріктігімен, адамшылық қасиетінің биіктігімен сынақтан сыр бермей өтті. Алтекеңнің жанкештілігі, мұқалмас жігері, қайтпас қайсарлағы кім-кімді де риза етпей қоймас.

Алпысбай ағамыз аяқтан қалса да, ізгілік пен мейірімділіктен, махаббаттан кемдік көрмеді. Ең алдымен жанына демеу болған, қиындыққа қарамастан жар болып, ұл-қызды дүниеге әкеліп, шаңырағын шаттыққа толтырған, ауырғанда қасынан табылып, екі аяғы болған, өмірлік серігі, тірегі, асыл жары Зинаның шексіз махаббатының орны бөлек.

Жылдар бойы белсенді еңбекпен айналысып, бар арман-тілегінің іске асып, тасы өрге домалап, бақытқа кенелуінің басты себепкері де осы – Зина жеңгеміз. Құдай қосқан қосағының бабын тауып, бар жағдайын жасап, күйкі тірлікке алаңдатпай, жігеріне жігер қосқан жеңгемізге де ел іші дән разы. Екеуі Зарлық, Асыл есімді қыздарын қияға қондырып, ұлы Арманды ешкімнен кем қылмай өсіріп, ат арқасына мінгізді. Құдайдың берген немерелерін сүйіп, бақытты ата-әже болды. Балалары бүгінде әке жаққан шырақты өшірмей, ісін жалғастырып келеді. «Жақсыдан із қалады» деген осы емес пе?!

Алла ерекше етіп жаратқан, асыл жан Алпысбай ағамыз жайлы осылай естелік айтуды замандас інісі ретінде өзіме парыз санадым. Көп нәрсені көңілге түйдім, көп жағдайларға куә болдым. Дәмтұзымыз араласып, талай жыл көрші болғанда мен ол кісінің тарапынан біреуге орынсыз ренжігенін немесе біреуге орынсыз тиіскенін көрген емеспін. Қашанда сабырлы, қашанда іскер қалпында алысқа тартқан арналы өзендей болып, мағыналы ғұмыр кешті. Өмірінің соңына дейін арбада отырып мүмкіндігі шектелсе де, ешкімнен кем емес екенін ісімен де, өмір сүру дағдысымен де дәлелдеп кетті.

Иә, ол асығып, аптыққан жоқ, шала бүлініп, шаршаған жоқ, жаратқанға арызын айтпай, өмірге пәлсапалық көзбен қарап, дала мінезді қазақтың қазыналы қарты болып 80 жасқа қараған шағында өмірден озды. Жан-жағына орынсыз салмақ салмай, жақсы қартайып, мына ғұмырдан адамдар арасындағы абзал қасиеттердің орнымен көрінуіне мысал болғандай болып өтті.

Икрам БОЛЫСБАЕВ,
Қызылорда облысының
құрметті ардагері

Дария деңгейі бақылауда

«Amanat» партиясы аудандық филиалы жанынан құрылған Сырдария өзеніндегі су тасқынының алдын-алу бойынша зерделеу жұмыстарын жүргізетін жұмысшы топ құрамы тиісті сала мамандарымен Сырдария өзенінің Жалағаш ауданына қарасты жағалауындағы ахуалдың жай-күйімен танысты. Зерделеу барысында көктемгі мұз жүру кезінде су тасқынының алдын алу бойынша атқарылатын жұмыстар талқыланды.

Айта кетейік, аталған жұмысшы топ құрамында «Amanat» партиясы аудандық филиалының партиялық бақылау комиссиясының мүшесі Бақытбек Жүргенбаев, аудандық тәтенше жағдайлар бөлімінің басшы Еркін Назарқұлов, «Жалағашсушар» өндірістік учаскесінің басшысы Мақсұт Алмасов, аудан әкімі аппаратының жұмылдыру дайындығы және аумақтық қорғаныс бөлімінің бас маманы Бексұлтан Ермахан, «Amanat» партиясы аудандық филиалының консультанты Ахан Кенжебаев пен Жангелді Әбдісаттарұлы бар. Олар кешегі кеңесте тиісті сала мамандарына жағдайды жіті бақылау ұсынды. Адам қауіпсіздігі бірінші кезектегі мәселе болғандықтан бұл бағыттағы жұмыстар басты назарда болу қажеттігін жеткізді.

«ЖЖ» ақпарат

Сақтансаң, сақтайды

Қауіпсіздік бәрінен маңызды

Өртке қарсы қызмет мамандары жылды көктемгі және күзгі-қысқы өртті қауіпті кезеңге бөледі. Статистика көрсетіп отырғандай, өрттің көбі жыл ішінде тұрғын үй секторында орын алады. Ондай кезде адамдар жарақаталады және қаза табады. Барлық тұрғын үйдегі өрттің шығу себебі іс жүзінде адами факторларға байланысты болып отыр.

Тұрғын үйдегі өрттің себептері қыста да, жазда да бірдей, тек қыста тұтанулардың айтарлықтай саны ақауы бар пештерден едәуір өсе түседі. Пәтерлер мен тұрғын үйлерде пешті орнату және пайдалану кезінде өрт қауіпсіздігі талаптарының орындалуына баса назар аудару қажет.

Өрттің жиі шығу себептері пештің қатты қызуынан, қаланған пештерде жарықтардың пайда болуынан, от тұтандыру үшін жанғыш және тез тұтанатын сұйықтарды пайдалану салдарынан, пеш аузынан шоқтардың түсіп қалуынан орын алады. Пешке жақын және тікелей оның үстінде тұтанғыш мүліктер мен материалдарды сақтауға, киім кептіруге болмайды. Бөлме пештерінің түтін жолдарына жиналатын күйлерді, үш ай сайын тазалап тұрған жөн.

Ертеректе салынған қала және аудандағы үйлердің электр желісі сымдарының қалыпты жағдайда емес екені ешкімге құпия емес. Адамдардың басқа баспанасы болмауынан, арнайы білім тәжірибесі болмаған соң көпшілік жағдайда электр сымдарын өз күштерімен жөндеп, осындай үйлерде ары қарай тұруға мәжбүр.

Қарапайым өрт қауіпсіздігі қағидаларын ескере отырып сіз өз мүлкіңізді, баспанаңызды, өміріңізді сақтап қалуыңыз әбден мүмкін. Сондықтан сіздің өміріңіз өз қолыңызда екенін тағы бір ескерткіміз келеді.

Өрт және жану оқиғасы болған кезде тез арада телефон арқылы 101 немесе 112-нөміріне хабарласыңыз. Өрт қауіпсіздігі ережесін сақтау сіздің үйіңіз бен мүлкіңізді оттан қорғайды.

Аудандық тәтенше
жағдайлар бөлімі

Ауыл тынысы

Бірліктен береке тапқан

Түсауа редакцияның тілшілер тобы Бұқарбай батыр ауылдық округіне жолға шықтық. Мақсат – ауыл тынысымен танысу. Ауданға қарасты елді мекенде қазір қандай жобалар жүзеге асуда? Ауылға арнайы атбасын бұрып келген себебіміз де осы сауалдың түйінін тарқату еді.

Батыр атындағы ауылға бүгінге дейін бірнеше рет ат ізін салғанбыз. Әр сапарымызда мұндағы халықтың ауызбіршілігі мығым екенін байқап, ел еңсесін тіктейтін жобалармен танысатынбыз. Ауыл әкімінің міндетін уақытша атқарушы Сейілбек Оспанқұловтың айтуынша, елді мекенде биыл көптің қуанышын еселейтін ауқымды істер мен жарқын жобалар қолға алынбақ.

11 көше жөнделіп, 16 көшеге жарық жүреді

Әңгімені «әуелі сүйіншілейтін хабардан бастайын» деген Сейілбек Қалдыбайұлы ауылдағы сапасы сын көтермейтін жол мәселесі биыл шешемін табатынын жеткізді. Аудан әкімі Ардақ Ибраимовтың халықпен кездесулерінде мұндағы халықтың айтатын бар талаптілегі де осы жол мәселесі болатын. Ауылдағы ағайынның мәселесін ескерусіз қалдырмайтын аудан әкімі өткен кездесулерде «Мен үшін халықтың мәселесі бірінші орында. Сондықтан мүмкіндігінше елді мекенде қордаланған мәселелерді шешуге жұмыс жасаймын. Ел болған соң мәселе де болады, оның бәрін бір мезетте шешіп тастау мүмкін емес, барлығын кезең-кезеңімен шешуге тырысамыз. Мүмкіндік болып жатса, барынша сіздердің талап-тілектеріңізді орындаймын» деген еді.

Иә, бұлай деу кез келген әкімнің қолынан келеді. Бірақ оны орындау ше? Оған да Ардақ Әбдіғаппарұлының жүрдім-бардым қарамағанын байқау қиын емес. Былтыр мұндағы 5 көшеге «Ауыл – ел бесігі» жобасы аясында орташа жөндеу жұмыстары жүргізілген. Жоба құны – 181 млн 592 мың теңге. Ал биыл 11 көшеге, атап айтсақ, Т.Үркімбаев, Н.Оспанқұлов, Ким Яков, П.Әлпейісов, С.Айтуаров, Ә.Досымбетов, Ә.Бердәулетов, С.Байқадамов, Қ.Сейтов атындағы көшелер күрделі жөндеуден өтпек. Жеңімпаз мердігер мекеме анықталып та қойған, қаржыландыру жұмыстары бітсе, жоба қолға алынбақ. Мұнан бөлек, құны 170,2 млн теңгеге 16 көшеге жарықтандыру жұмыстары жүргізіледі деп жоспарлануда. Бұл жобаға да жоба сметалық құжат әзірленіп қойған. Сондай-ақ ауыл тұрғындарын көгілдір отынмен қамтамасыз ету мақсатында биыл газ құбырын жүргізуге құжаттандыру жұмыстары жүргізілуде.

Былтыр Бұқарбай батыр ауылындағы №33 орта мектепке «Ауыл – ел бесігі» жобасы аясында 428,9 млн теңге қаржы бөлініп, күрделі жөндеуден өтті. Ал өңірлерді дамыту бағдарламасы аясында 6,7 млн теңгеге Абай көшесіне темір шарбақ орнатылып, 1,2 млн теңгеге күл-қоқыс жоюға арналған полигон қоршалып, бейнебақылау камералары орнатылған. Сондай-ақ елді мекенді көркейту-көгалдандыру, абаттандыру жұмыстарына 1 млн, санитарлық тазалықты қамтамасыз етуге 1 млн теңге қаралған. Ауылдық мәдениет үйі ғимаратын күрделі жөндеуден өткізуге 3 млн теңгеге жоба сметалық құжат жасалып, мемлекеттік сараптамадан өткізілген. Ал жобаның жалпы құны 131,9 млн теңгені құрайды.

Ауылды дамыту мақсатында демеушілер есебінен атқарылып жатқан жаңа жобалар қатары да көбейген. Мәселен, ауылдағы «Жаңару» ФҚ-ның қолдауымен Ким Яков көшесіне 2 млн теңгеге тас төсеу жұмыстары жүргізіліпті. Бірлік болса, тірлік болатынын естен шығармайтын ауыл азаматтары өткен жылы «Мелиоратор» және «Байтабын» ЖШС-ның жеке қаражаты есебінен ауылға балалар ойын алаңы мен ипподром салған. Ал «Мелиоратор» ЖШС-ның жеке қаражаты есебінен 10 млн теңгеге Бұқарбай батыр атындағы мешітке жөндеу жұмыстары жүргізілген. Тізе берсек, ауылды көркейтуде ілкімді жобалар мұнымен шектелмеген.

Кәсіпкерлік қарқын алған

Жалпы батыр атындағы ауылда 1900-ге жуық халық бар. Мұнда кәсіпкерлік саласында серпін қалыптасқан. Былтыр 4 адам қайтарымсыз грантқа қол жеткізген. Осыдан-ақ ауылдағы ағайынның кәсіпкерлікті дамытуға бағытталған мемлекеттік бағдарламаларды тиімді пайдаланып отырғанын аңғардық. Оның бірі – кондитерлік өнімдерді дайындап, ауылдағы ағайынның той-томалақ, қонақасы сынды дастарханына түрлі тәттілер пісіру, мерекелік кештерге торттар дайындаумен айналысқан. Ал 2 тұрғын сүт өнімдерін өндіруді қолға алыпты. Бірі түйе бағып, шұбат сатса, екіншісі – сиыр сауып, сүт , айран, құрт дайындайды. Тағы бір азамат шаштараз ашып, халыққа қызмет етуде. Яғни мектеп жасындағы ер балалардан бастап ауыл үлкендеріне дейінгілердің шашын қиып, табыс тайқазанын ұлғайтқан. Кәсіпкер ауыл азаматтарымен ғана шектелмей, көршілес ауылдардағы ағайындарға да тұрақты қызметін көрсетіп келеді.

Ауылдағы алтын ұя

Биылғы жаңа оқу жылын ауыл мектебі 322 оқушымен бастапты. Оның ішінде 34 оқушы мектеп табалдырығын алғаш аттап отыр. Директордың орынбасары Гүлнар Үсейінова жалпы бастауыш сыныпта 119 оқушы білім алатынын айтты. Олардың ыстық тамақпен қамтылуында ешқандай мәселе жоқ. Мұны білім ошағының басшысы өз бақылауына алған.

Былтыр мектепті 17 оқушы тәмамдаған. Олардың 15-і ҰБТ-ға қатысқан. Нәтижесін тарқатсақ, 13 түлек еліміздегі мандайалды жоғары оқу орындарында мемлекеттік грантпен білім алуға қол жеткізген. Ал 4-еуі ақылы оқуға құжат тапсырған. Яғни былтырғы түлектер 100 пайыз жоғары оқу орнында білімін жетілдіруге мүмкіндік алды. Гүлнар Үсейінованың айтуынша, биыл білім ошағын 16 түлек тәмамдайды. 2-еуі «Алтын белгіге», 2-еуі «Үздік аттестатқа» үміткер. ҰБТ-ға түлектер түгел қатысуға ниетті. Дайындық күндіз-түні үздіксіз жүргізілуде. Түлектердің басым бөлігінің таңдауы «Жаратылыстану» бағытында. Мектеп оқушылары пәндік олимпиада, ғылыми жобаларда да үлкен жетістікке жетуде.

Салаға серпін берген спорт кешені

Ауылда чемпиондар мекеніне айналған «Байтабын» спорт кешені жұмыс жасайды. Жалпы құны 112 млн теңге болған спорт кешені «Байтабын» ЖШС-ның демеушілігі арқылы салынып, 2021 жылы ел игілігіне берілген. Қазіргі таңда спорт кешенінде еркін күрес үйірмесіне 66 бала қатысады. Ауыл балаларының бос уақытын тиімді ұйымдастыруға арналған нысанда жыл санап чемпиондар қатары артып келеді. Мұнда 2 жаттықтырушы жұмыс істеп, аудандық, облыстық, республикалық турнирлер өткізіп, ауыл жастарын спортқа тұрақты қатыстырып тұрады. Мәселен, 2022 жылы оқушылар арасындағы 70 елден 4000 оқушы бақ сынаған дүниежүзілік гимназияда аталған спорт кешенінде шыңдалған Нұрдәулет Маратұлы чемпион болды. 2023 жылы 9 бала облыстық деңгейдегі жарыста чемпион атанып, республикалық жарыста 1 күміс, 1 қола қоржынға салды. Ал былтыр 6 спортшы облыстық чемпионатта, 11 спортшы республикалық турнирде жеңіске жеткен. Жалпы мұндағы 30-дан аса бала республикалық жарыста жеңіс тұғырынан көрінген.

16 өзге ұлт өкілі тұрады

Айта кетейік, бүгінде ауданда 14 ұлт өкілі, 254 жалағаштық бірлігі мен ынтымағы жарасып ғұмыр кешуде. Олардың тілі басқа болғанымен тілегі бір, жүзі басқа болғанымен жүрегі бір. Қазақ халқымен бір нанды бөлісіп жеп, бір үйдің баласындай етене араласып, қыз берісіп, қыз алысып құда болып отырғандар да бар. Бұқарбай батыр ауылына жасаған сапарымызда татулықты ту етіп, ынтымағы жарасқан шешен ұлтының өкілі Мәжиевтер отбасының шаңырағында қонақта болдық. Бүгінде бұл елді мекен шешен, кәріс, орыс тағы да басқа ұлт өкілдерінің тағдырын бір арнаға тоғыстырып, тату-тәтті өмір сүріп келеді. Яғни мұндағы 16 отбасы өзге ұлт өкілінен.

Мәжиевтер әулетінің қарашаңырағына барғанымызда әріптесім екеуміздің жылы жүзді бір ана қарсы алды. Өзін осы үйдің отанасымын деп таныстырған Дагман Мәжиева бізге төр мен адал асын ұсынып, қонақжайлығын көрсетті. Қазақтың салт-дәстүрінен жаңылмайтынын аңғарған біз Дагман апайдың ыстық бауырсағынан дәм таттық. Үй шаруасында отырғандықтан уақытының басым бөлігін ас үйге арнайтын ол күнделікті тағамдардан бөлек мерекелік жиындарда бешбармақ, бауырсақ, наурыз көже дайындағанды жақсы көретінін айтты.

– Менің де ұлтым – шешен. Отағасы екеуміз 1984 жылы отау құрдық. Аллаға шүкір, 2 ұл, 4 қызымыз бар. Олар жоғары оқу орнында білім алып, бүгінде елге елеулі қызмет етуде. Қыздарым тұрмыста, ұлымның үлкені де отау құрды. Келініміз де шешен ұлтының қызы. Ұлым ауылдағы «Жансая» шаруа қожалығында жұмыс істейді. Кенже ұлымыз Исламға қазақ қызын алып беріп, қазақтармен құда болу ойда бар, – дейді отанасы Дагман апай.

Бос уақытында әкесіне қолғабыс ететін Ислам Мәжиев – гір спортынан аудан абыройын асқақтатып жүрген үздік спортшылардың бірі. Ол бүгінге дейін гір спортынан әлемді, Азияны бағындырған. Ислам гір тасын көтеруден бөлек, көкпарға да қатысдаы. Ол ауыл атынан шығатын ауданаралық жарыстарда чемпион болған шабандоздар қатарында. Спортшы мұнан бөлек волейбол, футболдан да осал емес. Аудан құрамасымен бірге талай жарыста төбе көрсеткен.

Әулеттің отағасы Салам ағай – еңбек адамы. Айтуынша, ата-анасы кезінде мал шаруашылығымен айналысқан. Әкеден қалған игі істің ізін қуған Салам ағай да ертеректе атакәсіпті жандандырып, 2007 жылдан бастап ауылдағы «Байтабын» шаруа қожалығына механизатор болып орналасқан. 18 жыл техника тізгіндеген Салам ағай жастайынан еңбекке етене араласып, техниканың қыр-сырына қаныққан.

– Таңмен таласып техникаға отырғаннан кешке дейін тыным таппай шаруада боламыз. Ауылда демалатын уақыт жоқ. Егістікті қореткендіру, жер жырту, астық жинау сынды жұмыстарды атқарамыз. Бір шаруа бітсе, келесісі дайын тұрады. Ал шаруаның бәрі уақытылы жасалуы қажет, – дейді білікті механизатор.

Мамандығына адалдығы үшін кейіпкеріміз шаруа қожалықтың тәжірибелі механизаторы атанып, жыл сайын түрлі марапатқа ие болған. «Бір жылдығын ойлаған дән егеді, он жылдығын ойлаған тал егеді, мың жылдығын ойлаған ұрпағына білім нәрін егеді» демекші, кез келген істе төккен тер жауапсыз, нәтижесіз қалмайды. Бастысы, адал жұмыс жасау керек. Сұқбат барысында Салам ағай да балаларына үнемі адал қызмет етіңдер деп айтып отыратынын жеткізді. «Ұлтым басқа болса да, жүрегім – қазақ» дейтін Салам Мәжиев қазақ халқының дәстүрі мен мәдениетін ерекше құрметтейді.

Жалағаш жұрты өткенін ұлықтап, өшкенін қайта жаңғыртуда салтынан жаңылған емес. Бұл сөзімізді ғибратты ғұмыр иесіне тағылымға толы өмір жолын жас ұрпаққа насихаттау мақсатында 2023 жылы еңбек және тыл ардагері Мыхан Ерниязовтың 130 жылдық мерейтойының кең көлемде аталып өткені қуаттай түседі. Мерейтой қарсаңында ауыл орталығынан Мыхан Ерниязұлы атындағы саябақ ашылып, қайраткердің бюсті қойылды. Сонымен қатар ғылыми-танымдық конференция өтіп, «Сәулелі ғұмыр» атты кітаптың тұсауы кесілді. Ата жолын жалғаған ұлағатты ұрпақтың елге сыйы атшабардағы спорттық шаралармен жалғасын тапты. Қайраткерді еске алуға арналған мерейтой қарсаңында ұлттық спортымыз ұлықталып, спортшылар қазақ күресі, ат жарыс, көкпар ойыны бойынша сынға түсіп, жеңімпаздарға қаржылай сыйсияпат үлестірілген еді. Сол уақыттан бері ауылда әлі де мұндай шаралар үзілген емес.

Музей – көне жәдігерлер ордасы

Ауылға арнайы келгенде батыр атындағы тарихи үйдің босағасын аттап, құнды жәдігерлермен танысып қайтуды жөн көрдік. Тасын түртсең, тарихы сөйлейтін Жалағаш топырағы – тарихи ескерткіштерге бай киелі өлке. Ақсақалы баталы, ұрпағы ақылды, көпұлтты елді мекен ретінде ерекшеленетін Бұқарбай батыр ауылының орталығында тарихи құндылықтар ордасына айналған музей де орналасқан.

Бұл ғимарат батырдың 180 жылдық мерейтойы қарсаңында ашылып, 200 жылдық мерейтойы қарсаңында музей ғимараты қайта жасалған. Музей экспозициясында Бұқарбай батырдың өмірі мен жорық жолдарынан сыр шертетін жәдігерлер, Орынбор, Ташкент, Алматы қалаларындағы мұрағаттардан алынған құжаттардың көшірмелері, қару-жарақтар коллекциясы сынды құнды жәдігерлер сақтаулы. Сондай-ақ ауылға еңбегі сіңген, елі үшін қызмет еткен тұлғалардың да суреттері мен пайдаланған заттары сақталған.

– Музейде тарихтан сыр шертетін көне жәдігерлердің ішінде Бұқарбай батырдың күмістен жасалған жеке мөрі, шашақты туы мен таза болаттан жасалған қайқы қылышы бар. Батырдың сөзін растайтын мәрдің ортасында арап әріптерімен жазылған «Бұқарбай баһадүр» деген мағынаны білдіретін сөз бар, – дейді музей қызметкері Мереке Алдабергенқызы.

Иә, Бұқарбай батыр атындағы тарихи үйдің төрінде батырдың талай дұшпанын ажал құштырған таза болаттан жасалған қайқы қылышы да ілулі тұр. Қаншама уақыт өтсе де сыны кетпеген, жүзі әлі де өткір, аталған жәдігердің ешбір жері шірімеген. Кешеге дейін пайдаланылған дүние тәрізді қаз-қалпында сақтаулы. Ағаштан жасалған қылыштың салмағы да ауыр. Жәдігердің жалпы ұзындығы – 80 см, сабының ұзындығы – 13 см, жүзінің ені – 3 см.

Атадан балаға мұра болып қалған асыл қазыналарымызды сақтап қана қоймай, оны насихаттап, жастардың бойына тарихымыздың өткені мен бүгінін сіңіріп жүрген Бұқарбай батыр атындағы музей – тұнып тұрған тарих, жәдігерлер мекені. Бүгінгі сапарымыздан түйгеніміз еңбекпен еңсе тіктеген елді мекеннің тірлігі тындырымды, шаруасы ширақ.

Ақтоты БҮРКІТБАЙ

Ерін ұлықтаған ел

Бәрекелді!

Жалағаш аудандық жастар ресурстық орталығы жанынан құрылған «Дәуімбай» командасы өткен аптада «Қазақстан КВН Одағы» РЖҚБ филиалына қарасты «Orda» жоғары колледжінің ұйымдастыруымен өткен «Orda» колледжі директорының кубогына арналған жайдарман сайысында өнер көрсетті. 8 команда қатысқан үлкен сайыста жалағаштық жас жайдарманшылар І орынға ие болды.

Жалағаштық жастардың жеңісі

Кеше аудан абыройын асқақтатқан жастармен жүздесу үшін арнайы жастар ресурстық орталығына бардық. Әздеріңізге белгілі бұл орталықтың қолдауымен аудан жастары бірқатар жарқын жобада төбе көрсетуде. Оның дәлелі «Дәуімбай» құрамасының кешегі жайдарман ойынындағы жеңісі.

Иә, жайдарман – талантты жастардың басын қосатын танымал алаң. Аудандық жайдарман лигасының жетекшісі Ақтан Ералының айтуынша, қазіргі таңда жалағашта 18 команда жайдарман сахнасында өнер көрсетеді. Олардың барлығы мектеп жасындағы оқушылар.

– Шыны керек, бұрын ауданда жайдарман ойынының қарқыны қазіргідей болмады. Әрі кетсе ойынға 6-7 команда қатысатын. Жыл сайын аудан әкімі Ардақ Ибраимовтың қолдауымен жайдарманға қызығатын жастар қатары артып келеді. Сөзіме қазіргі таңда ауданда жайдарман ойынына қатысатын 18 команда бары дәлел. Әр команда да 7-8 қатысушыдан есептегенде 150-дей шәкірт тәрбиеленуде. Олардың барлығы сахнаға төселген. Тек жайдарман ойынына ғана қатысып қоймай, еріктілермен бірге волонтерлық қызметте атқарады, – дейді Ақтан Аманбайұлы.

Айта кетейік, дәстүрлі түрде жыл сайын аудандық жайдарман лигасы өтіп келеді. Былтыр мәдениет үйінде аудан әкімінің жүлдесіне арналған республикалық жайдарман сайысы өтті. Ойында еліміздің басқа өңірлерінен келген 13 команда бақ сынап, жеңімпаздарға аудан әкімінің алғысы мен қаржылай сыйақы табысталды.

Жүйрік ой мен табанасты тапқырлықты талап ететін жайдарман ойынында жалағаштық жастар бірқатар жетістікке жеткен. Тарқатып айтсақ, Қызылорда жайдарман филиалының ұйымдастыруымен өткен «Bastau Liga» ойынында «Аққыр» құрамасы чемпион атанса, «Дәуімбай» құрамасы үздік үштікті түйіндеген. Ал «Мардан ұландары» командасы – республикалық «Jaidarman Junior» лигасының жартылай финалисттері. Аудандық жайдарман командаларының ішінде шоқтығы биік құраманың бірі – «Дәуімбай» командасы. Олар Тасбөгет кенті әкімі кубогы мен Қараөзек әкімі кубогының бас жүлде иегері. Әр ауданның абыройын арқалап келген командалар бақ сынған сайыста жерлестер жеңісті ешкімге бермеуде.

Сонымен қатар «Сыр лигасының» жайдарман сайысында да жалағаштық жастар топ жарған. Бұл ойында 8 команда ішінен «Дәуімбай» құрамасы ІІІ орын иеленіп, 180 мың теңге көлеміндегі музыкалық колонка еншілеген болатын. Бұған дейін де бірнеше мәрте жеңіс тұғырынан көрінген олар аудандық жайдарман лигасының қатарынан үш дүркін жеңімпазы болды.

– «Дәуімбай» құрамасы осыдан 4 жыл бұрын құрылды. Осы уақыт аралығында аудандық, облыстық, республикалық ойындарда біршама жетістікке қол жеткіздік. Осы тұста аудан әкіміне, жастар ресурстық орталығының директорына, жайдарман лигасының жетекшісі Ақтан Аманбайұлына ерекше алғысымызды білдіреміз. Өзіңіз білетіндей, жайдарман – достық мекені. Біз осы ойын арқылы жанымызға жақын бауыр, адал дос таптық. Сахнада қанша жерден қарсылас болсақ та, сахна сыртында бір-бірімізге тілекші болып тұрамыз, – дейді құрама жетекшісі Нұрасыл Жарылқасын.

Қазіргі таңда командада 4 ойыншы бар. Олардың 2-еуі З.Жарқынбаев атындағы №202 орта мектепте білім алса, 2-еуі – Әл-Фараби атындағы №201 мектеп-лицейінің оқушысы. Олардың алға қойған жоспарлары көп. Соның бірі – қай саланы таңдаса да, жайдарманнан қол үзбеу. Яғни елге ерен еңбек ете жүріп, өздері секілді жас буынды жайдарманға баулу. Сонымен қатар алда өтетін республикалық ойындарда топ жарып, аудан абыройын асқақтату.

– Былтыр Қызылорда қаласындағы педогогикалық колледжде жайдарман ойыны өтті. Оған бұл құрама қатысушы ретінде емес, қонақ болып барып, ойын көрсетті. Шыны керек, жігіттер финалда өнер көрсеткен командалардан асып түсті. Ойын біткен соң көрермендер жігіттерге құрмет-қошеметін көрсетіп, естелік суретке түсті. Жалпы «Дәуімбай» құрамасының жайдарманда өзіндік орны бар. Олар дайындық барысында өздері ізденіп, сахнада сөздерін ұмытып қалған сәттер де еш саспай табанасты жаңа әзіл шығарып, ойынды абыроймен аяқтап шығады, – дейді жайдарман лигасының жетекшісі Ақтан Аманбайұлы.

Иә, қалжыңы қалтасында жүретін «Дәуімбай» құрамасының жігіттері ойын барысында қоғамда орын алып жатқан өзекті мәселелерді астарлы әзілімен жеткізу арқылы көрерменнің көзайымына айналған. Жалпы маусымашар – жайдарманшылар үшін жаңа маусымға, жаңа жылға, жаңа белеске леп беретін байрақты байқау. Бүгінгі мақаламызға арқау болған «Дәуімбай» құрамасы қазіргі таңда ақпан айында Астана қаласында өтетін республикалық «Маусымашар – 2025» маусымына қызу дайындық үстінде. Бұл жайдарманшылармен қатар ойынға аудан атынан «Мардан ұландары» мен «Таң жастары» құрамасы да қатыспақ.

Сәтті сұқбат соңында жерлестерімізге сәттілік тілеп, жүлдемен оралғандарын оқырмандарымызға сүйіншілеуге тілектестік білдіріп қайттық.

Ақтоты ЕРЖАНҚЫЗЫ

Меншік иесі:
СЫР МЕДИА
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директор
Марат АРАЛБАЕВ

Жалағаш аудандық
“Жалағаш жаршысы” газетінің редакциясы

Бас редактор
Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ

Телефондар:
Бас директор - 8(7242) 70-00-36
Бас редактор - 32-0-41
Бас редактордың орынбасары, жауапты хатшы, бөлімдер - 31-5-75

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 16 сәуір 2019 жылы қайта тіркеліп, №17662-Г куәлігі берілген.
“Жалағаш жаршысы” аудандық газеті ҚР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015) “Сапа менеджменті жүйелері” талаптарына сәйкес KZ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған.

Газет әр аптаның сейсенбі, сенбі күндері шығады.
Қолжазбалар өңделеді және кері қайтарылмайды.
Жеке авторлардың пікірі редакцияның түпкілікті көзқарасын білдірмейді.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды.
Тел:. 8/7242/ 40-06-68.
Газеттің таралымы бойынша
31-5-75 немесе 8 (7242) 70-14-08
телефон нөміріне хабарласуға болады.

Таралымы 2850 Тапсырыс №229

Мекен-жайымыз: 120200, Қызылорда облысы, Жалағаш кенті, Абай көшесі №68. E-mail: zhal_jarsh@mail.ru
Кезекші редактор: Ақтоты БҮРКІТБАЙ